

«Жәнібеков – жастар жетекшісі» эссе байқауы

Наурыз айында Ө.Жәнібековтің тұлғалық қырларын ашып, оны жастарға дәріптеу мақсатында білім алушылар арасында «Жәнібеков – жастар жетекшісі» атты тақырыпта эссе байқауы ұйымдастырылды. Байқауға 6 факультеттің үздік студенттері қатысып, шығармашылық деңгейлерін көрсетті.

Байқау нәжижесі бойынша I орынға бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мұғалімін даярлау мамандығының студенті Дулатбек Балнұр Асанқызы, II орынға математика мұғалімін даярлау мамандығының студенті Қаранар Айгерім, III орынға бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мұғалімін даярлау мамандығының студенті Мақтабек Әмина ие болды. Сондай-ақ «Аргументті эссе» номинациясымен Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау мамандығының студенті Алтынбекова Динара, «Пайымдық эссе» номинациясымен химия мұғалімін даярлау мамандығының студенті Жұмабек Айгерім Қаныбекқызы, «Көркем-әдеби эссе» қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау мамандығының студенті Ералы Ақмаржан марапатталды. Жеңімпаздарға дипломдармен бірге қаржылай сыйлықтар да табысталды.



